

Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 маусымдағы № 678 Қаулысы . Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 901 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 901 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 16 қазандағы № 994 б ұ й р ы ғ ы н қ а р а ң ы з .

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 13-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К.

Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2011 жылғы 20 маусымдағы
№ 678 қаулысымен
бекітілді

Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының

13-бабының 10) тармақшасына және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға (Чикаго, 1944 ж.) 8-қосымшаға сәйкес әзірленді.

2. Қағида сертификаттау және үлгі сертификатын беру тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидада пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) үлгі сертификатын ұстаушы - азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органнан әуе кемесінің үлгісіне үлгі сертификатын алған өтініш беруші (ә з і р л е у ш і) ;

2) пайдаланушы - азаматтық әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өз қызметтерін ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;

3) дайындаушы - әуе кемесін шығаруды жүзеге асыратын заңды тұлға.

4) өтінім - өтініш берушінің әуе кемесінің үлгісіне үлгі сертификатын алу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жазбаша өтініш;

5) өтініш беруші - азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жазбаша ө т і н і ш ;

6) зауыттық сынақ - әуе кемесінің үлгісін, оның сипаттамаларын және пайдалану құжаттамасын сертификаттық базис талаптарына сәйкестікке дейін к е л т і р у ;

7) әзірлеуші - әуе кемесін жасауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

8) үлгі сертификаты - азаматтық әуе кемесінің үлгісі конструкциясының ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестігін растайтын құжат;

9) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) қ а у л ы с ы м е н .

10) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) қ а у л ы с ы м е н .

11) пайдалану құжаттамасы - әуе кемесінің және компонентінің, техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда, ұшу және техникалық пайдаланылуын регламенттейтін және пайдалану шектеулерінен, рәсімдері мен ұсынымдарынан т ұ р а т ы н қ ұ ж а т т а м а ;

12) пайдалану сынағы - жерде, әуеде және әртүрлі климатикалық жағдайларда пайдалану процесі кезіндегі әуе кемесінің сынақ үлгісі;

13) мемлекеттік сынау – әуе кемесі үлгісінің ұшуға жарамдылық нормаларының талаптарына сәйкестігін көрсету.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) қ а у л ы с ы м е н .

3-1. Азаматтық әуе кемесінің үлгісін сертификаттағаны үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан

Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады. Азаматтық әуе кемесінің үлгісін сертификаттау мемлекеттік бюджетке көрсетілген алым төленгеннен кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган уағдаласушы мемлекеттердің азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органдарымен құрылтайшы мемлекеттермен жасалған келісімдер (шарттар) шеңберінде халықаралық стандарттарға сәйкес әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын және сертификаттау рәсімдерін нормалау саласында өзара іс-қимыл жасайды.

5. Осы Қағида белгіленген тәртіппен берілген және осы Қағида қолданысқа енгізілгенге дейін құрылтайшы мемлекеттердің азаматтық авиациясында пайдалануға рұқсат етілген әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын куәландыратын құжаттардың қолданысын жоймайды.

6. Қазақстан Республикасының авиациялық кәсіпорындарында жасалған азаматтық әуе кемелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі тұрғысынан зауыттық, мемлекеттік және пайдаланып сынаудан өткеннен кейін оларды сериялық өндірістің алдында азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган сертификаттауға тиіс.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Сериялы шығару процесінде Үлгі сертификатын ұстаушы жұмыс бабындағы конструкторлық құжаттама кешендерін сақтауды ұйымдастырады және сериялы шығаруды, материалдар қасиетінің, технологиялық процестердің тұрақтылығын, сертификатталған үлгінің сериялы дайындалатын даналары үшін бөлшектер мен тораптар сипаттамаларының тұрақтылығын сақтауды ұйымдастырады.

8. Әуе кемесінің үлгісін зауыттық сынауды жүргізу басталғанға дейін әзірлеуші мен жасап шығарушы аталған дананың жұмыс бабындағы конструкторлық құжаттамаға сәйкестігін куәландыратын формуляр, паспорт немесе оларға балама құжатты ресімдейді. Әуе кемесін мемлекеттік сынау көрсетілген құжаттар болған жағдайда ғана басталады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Әуе кемесінің үлгісін зауыттық сынақтар әуе кемесі данасының, оның компоненттері мен жүйелерінің сынақ жүргізуге дайындығы бойынша жүргізіледі.

10. Өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға метрологиялық қамтамасыз ету туралы хабарлама, есептер және әуе кемесі үлгісінің зауыттық сынақтар жүргізуге дайындығы туралы техникалық құжаттама жібереді.

11. Зауыттық сынақтар:

1) әуе кемесі үлгісінің, оның сипаттамаларын және пайдалану құжаттамасын күтілетін пайдалану жағдайындағы ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестікке жеткізу;

2) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығына әсер ететін айрықша жауапты функционалдық жүйелерінің (планер, шасси, басқару жүйесі, аэродинамикалық сипаттамалар, тежегіш, гидравликалық және басқа да жүйелер) үлгі конструкциясын белгілеу;

3) мемлекеттік сынауды жүргізу үшін әуе кемесін әкелу мүмкіндігін белгілеу мақсатында жүргізіледі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Зертханалық, стендтік, жер үстіндегі, ұшудағы және арнайы сынауды қоса алғанда, зауыттық сынаудың бағдарламасын әзірлеуші әзірлейді және ол тіркелген сәттен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Егер әуе кемесі үлгісінің анықталған сәйкессіздіктері мен кемшіліктері кезінде зауыттық сынақтарды одан әрі жүргізу қатермен байланысты екендігі белгіленсе, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган сынақтарды тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды. Зауыттық сынақтар өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жойып, растау құжаттарын ұсынғаннан кейін қайта жаңартылады.

16. Әуе кемесінің үлгісін пайдаланып сынауды әзірлеуші әзірлеген және бекіткен кестеге сәйкес әзірлеуші әртүрлі климаттық жағдайларда өткізеді.

Әуе кемесінің үлгісін мемлекеттік сынау азаматтық авиация саласындағы

уәкілетті органның қатысуымен әзірлеуші бекіткен жоспарға сәйкес жүргізіледі. Мемлекеттік сынау жүргізілетін мерзімдер туралы әзірлеуші сынау басталғанға дейін күнтізбелік бес күн бұрын уәкілетті органды хабардар етеді. Мемлекеттік сынаудың нәтижесі бойынша уәкілетті орган мен әзірлеуші еркін нысанда бірлескен қорытынды дайындайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Зауыттық, мемлекеттік және пайдаланып сынау аяқталғаннан кейін өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға мынадай қ ұ ж а т т а р д ы :

1) әуе кемесі үлгісінің өтініш беруші бекіткен ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігінің зауыттық және пайдаланып сынау нәтижелері бойынша түзетілген кестесін;

2) зауыттық, мемлекеттік және пайдаланып сынау нәтижелері бойынша нақтыланған пайдалану құжаттамасының жиынтығын;

3) әуе кемесі үлгісінің жұмыс бабындағы конструкторлық құжаттамасының бақылау және ағымдағы жиынтықтары (жиынтықтардың нөмірлері көрсетіледі) зауыттық және пайдаланып сынау жұмыстарының нәтижелері бойынша түзетілгені, әуе кемесі үлгісінің үлгілік конструкциясын көрсететіні, осы үлгідегі әуе кемесінің үлгісін сериялық шығару үшін жарамды екені, бекітілгені және өтініш беруші мен дайындаушыда сақталатыны туралы хабарламаны жібереді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Пайдаланушы конструкцияға және пайдалану құжаттамасына қандай да бір өзгерістерді осы өзгерістерді тек Үлгі сертификатын ұстаушымен келісім б о й ы н ш а ғ а н а е н г і з е д і .

19. Әуе кемелеріне Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға (Чикаго, 1944 жыл) 16-қосымшада белгіленген қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптар қолданылады.

20. Қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптар әуе кемесінің сертификаттау нормаларына дербес бөлімдер ретінде енгізіледі.

21. Әуе кемесі үлгісінің қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптарға сәйкестігі жергілікті жердегі шуыл бойынша әуе кемесінің Үлгі сертификатымен к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

2. Сертификаттау тәртібі

22. Сертификаттау жұмыстарын жүргізу және үлгі сертификатын беру үшін өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттарды :

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің немесе анықтаманың көшірмелерін ;

2) ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқауды;

3) формулярларды ;

4) материалдың негізгі мөлшері мен маркасы көрсетілген негізгі күш тораптарының, оның ішінде қанатын бекіту, тірек тораптарының, қозғалтқыштың, шассидің сызбаларын (эскиздерін);

5) отын және тежегіш жүйесінің, электр жабдығының, басқару жүйесінің схемаларын ;

6) үлгінің фотосуреттерін (алдынан, жанынан, артынан);

7) әуе кемесінің үлгісін зауыттық, мемлекеттік және пайдаланып сынау нәтижелері ;

8) схемалар, жүйелер, негізгі сипаттамалар, пайдаланудың межелеген шарттары мен диапазонында үлгі сертификатталатын шектеулер қысқаша баяндалған техникалық құжаттаманы, сондай-ақ ұшуға жарамдылық нормаларының осы үлгіге қолданылатын тарауларының, бөлімдері мен тармақтарының, оның ұшуға жарамдылығына қатысты арнайы техникалық шарттардың және қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптардың тізбесі;

9) азаматтық әуе кемесінің үлгісін сертификаттағаны үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін ұсына отырып өтініш береді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган әуе кемесінің үлгісін сертификаттауды жүргізеді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес екі данада әуе кемесі үлгісінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі (сәйкессіздігі) туралы акт жасайды, онда әуе кемесі үлгісінің нақты жай-күйі, тұжырымдар, ұсынымдар және Үлгі сертификатын беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды көрсетіледі, актінің бір данасы өтініш берушіге беріледі. Әуе кемесінің үлгісі ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкес болмаған жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган сәйкессіздік туралы актінің негізінде өтініш берушіге үлгі сертификатын беруден бас тартып, өтініш берушіге берудің мүмкін еместігі туралы қорытынды береді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

3. Үлгі сертификатын беру

23. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган зауыттық, мемлекеттік және пайдаланып сынаудың әуе кемесі үлгісінің үлгілік конструкциясының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін белгілейтін оң нәтижелерінің негізінде әуе кемесі үлгісінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі туралы актіні алған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде үлгі сертификатын б е р е д і .

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Үлгі сертификаты осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі. Үлгі сертификатына осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес деректер картасы қоса беріледі, ол үлгінің үлгілік конструкциясы, үлгінің ұшуға жарамдылығына қатысты пайдалануды шектеу және басқа да шарттар туралы ақпаратты қамтиды. Үлгі сертификаты шектелмеген мерзімге беріледі.

25. Әуе кемесінің үлгісін пайдаланудан алынған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның шешімімен осы үлгіге Үлгі сертификаты күшін ж о я д ы .

26. Шетелдік мемлекет берген үлгі сертификатын беруге немесе оған күш беруге негіз болған талаптар Қазақстан Республикасы белгіленген стандарттарға сай келеді деген шартпен оны Қазақстан Республикасының уәкілетті органы т а н и д ы .

26-1. Азаматтық әуе кемесі үлгісінің бекітілген конструкциясы (үлгілік конструкциясы) немесе пайдалану-техникалық құжаттамасы өзгеріп, ол ұшуға жарамдылығына әсер еткен жағдайда, әуе кемесінің бұл түрін үлгі сертификатына қосымша алу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган қосымша сертификаттауға тиіс. Қосымша сертификаттау 22-тармақта баяндалған тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. Қағида 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Үлгі сертификатының қолданысын тоқтата тұру

27. Ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіретін кемшіліктер табылған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган үлгі сертификатының қолданысын тоқтата тұрады.

Үлгі сертификатының күші тоқтатыла тұрған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган тоқтата тұру себебін көрсетіп, үлгі сертификатының қолданысы тоқтатыла тұратын мерзімді белгілейді.

28. Үлгі сертификатының қолданысы тоқтатыла тұрған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган қабылданған шешім туралы әуе кемесінің осы үлгісін пайдаланатын әзірлеуші мен пайдаланушы, сонымен сондай-ақ аэронавигациялық ақпарат қызметіне дереу хабарлайды.

29. Анықталған кемшіліктерді әзірлеуші жойып, әуе кемесі үлгісінің ұшуға жарамдылық нормаларының талаптарына сәйкестігін растайтын зауыттық, мемлекеттік және пайдаланып сынау өткізілгеннен кейін ғана Үлгі сертификатының қолданысын қалпына келтіруді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сертификаттау және үлгі
сертификатын беру қағидасына
1-қосымша

Н ы с а н
Е л т а ң б а

Уәкілетті органның атауы

ҮЛГІ СЕРТИФИКАТЫ

Осы сертификат № _____ берілді
(Ұйымның/заңды тұлғаның атауы)
_____ үлгілік конструкциясы
(әуе кемесі үлгісінің атауы)

азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестігін
к у ә л а н д ы р а д ы .

Үлгінің негізгі пайдалану шектеулері мен сипаттамаларын ол осы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылатын деректер картасында
қ а м т ы л а д ы .

(қ о л ы) (Т . А . Ә .)

Берілген күні: 20__ж. " __ " _____

Сертификаттау және үлгі
сертификатын беру қағидасына
2-қосымша

Н ы с а н

Деректер картасы

Жалпы мәліметтер

1. Әуе кемесінің үлгісі _____
2. Әуе кемесінің моделі _____
3. Дайындаушы _____
4. Дайындау орны _____
5. Дайындаудың ерекшеліктері _____
6. Экипаждың ең аз құрамы _____
7. Жолаушылардың ең көп саны _____
8. Багаждың ең көп саны _____
9. Жүктің ең көп саны _____

Геометриялық деректер

1. Қанаттың құлашы, м _____
2. Қанаттың алаңы, шаршы м _____
3. ОАХ, м _____
4. Қанаттың тарылуы _____
5. Қанат қондырғысының бұрышы, градус _____
6. Көлденең V қанатының бұрышы, градус _____
7. Қатаң бейінінің үлгісі және салыстырмалы қалыңдығы, % _____
8. Элерондардың алаңы, шаршы м _____ элерондардың құлашы, м _____
9. Закрылқалардың алаңы, шаршы м _____ закрылқалардың құлашы, м _____
10. Көлденең қанаттанудың құлашы, м _____
11. Көлденең қанаттанудың алаңы, шаршы м _____

12. Көлденең қанаттанудың иығы, м _____
13. Тұрақтандырғыш орнату бұрышы, градус _____
14. Жоғары руль алаңы, шаршы м _____
15. Жоғары рульдің ауытқу бұрышы, градус: жоғары _____ төмен _____
16. Тігінен қанаттану алаңы, шаршы м _____
17. Тігінен қанаттану иығы, м _____
18. Бағыттау рулінің алаңы, шаршы м _____
19. Бағыттау рөлінің ауытқу бұрышы, градус: солға _____ оңға _____
20. Фюзеляждың ұзындығы, м _____
21. Фюзеляждың ұшқыш кабинеті бойынша ені/биіктігі, м _____
22. Шассидің колеясы/базасы, м _____
23. Дөңгелектердің мөлшері, мм: негізгі _____ басындағы (ұшынлағы) _____

Салмақ деректері

1. Бос әуе кемесінің салмағы, кг _____
2. Бос центровка, % ОАХ _____
3. Ең көп ұшу салмағы, кг _____
4. Қону салмағы, кг _____
5. Ұшу центровкаларының диапазоны, % ОАХ _____
6. Отын құю, кг _____
7. Май құю _____
8. Пайдалы жүктеме, кг _____

Күш қондырғысы

1. Қозғалтқыштың үлгісі мен моделі _____
2. Ең жоғары қуаты, а.к. _____
3. Қозғалтқыштың айналымы, айн./мин. _____
4. Әуе бұрандасының диаметрі, м _____
5. Қалақ қондырғысының бұрышы, градус _____
6. Бұранданың статикалық тартуы, кг _____
7. Күш қондырғысының ерекшеліктері (редуктордың, қозғалтқышты пысықтаудың және т.б. болуы) _____

Ұшу сипаттамалары

1. Тымық күндегі екпіннің ұзындығы, м _____
2. Көлденең ұшудың ең жоғары жылдамдығы, км/сағ. _____
3. Крейсер жылдамдығы, км/сағ. _____
4. Жерден көтерілу жеделдігі, м/с _____
5. Құлау жылдамдығы, км/сағ. _____
6. Ұшу кезінде жерден алшақтау жылдамдығы, км/сағ. _____
7. Қону жылдамдығы, км/сағ. _____

Сертификаттау және үлгі
сертификатын беру қағидасына
3-қосымша

Ескерту. Қағида 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 №
1513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң
қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Н ы с а н
Б е к і т е м і н
Азаматтық авиация саласындағы
уәкілетті органның басшысы
не ол уәкілеттік берген адам

(қ о л ы , Т . А . Ә .)
20__ жылғы " __ " -----

**Әуе кемесі үлгісінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі
(сәйкес еместігі) туралы
акті**

(азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның атауы)
20__ жылғы " __ " № _____ бұйрығына сәйкес мынадай құрамдағы комиссия:

Төраға: _____
(Т . А . Ә . , л а у а з ы м ы)

Комиссия мүшелері: _____
(Т . А . Ә . , л а у а з ы м ы)

(Т . А . Ә . , л а у а з ы м ы)

Әуе кемесі үлгісінің пайдалану құжаттамасын сараптау және ұшуға жарамдылығын бағалау нәтижелері бойынша _____

— —
Қорытындының мәтіні: _____

— —

— — —

— —
Төраға: _____

(Т . А . Ә .) (қ о л ы)

Комиссия мүшелері: _____

(Т . А . Ә .) (қ о л ы)

(Т . А . Ә .) (қ о л ы)

А к т і м е н т а н ы с т ы м :

АТ және ТҚ Ж бойынша ұйым басшысы

(Т . А . Ә .) (қ о л ы)